

19.10.2021 ж. № C00068

## Дені саудың – жаны сау

### АБИШЕВА ҚҰРАЛАЙ ЖАКИНА

Қарағанды қаласы "№36 ЖББ" КММ. Бастауыш сынып мұғалімі

Адамның денсаулығы - қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл – күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі.

Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі, балалар, сіздердің қолдарыңызда. Сондықтан сендердің таңдауларың - салауатты өмір салтын сақтау. Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап осы ұстанымды басшылыққа алып келеді. Қоғамның денсаулығы бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру жолындағы басты тірек.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңыздылығын Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2030» бағдарламасында Қазақстан егеменді еліміздің болашағы жастар олардың денсаулығы мықты болып, шынығып өскендері жөн. Негізі осы кезден қаланатын болса, өмірге өскелең ұрпақ келеді.. Бірақ бізге әрдайым қалын бұқара үшін біздей адамдарды емдейтін дәрігерлерден гөрі, оларды үйрететін, адамдарға бағыттайтын, оларды үлгі өнегелерімен еліктіріп, ілестеріп жүретін ұстаз. Оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту бүгінгі мектептердің басты мақсаттарының бірі болып отыр. «Саулық байлық негізі» деп айтқандай, әрбір адам салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін аурудың алдың алу және болдырмау. Дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны жақсарту туралы, сонымен дене тәрбиесімен айналасуы керек. Есірткілерді темекі мен алкогольды тұтынуды қойып тазалық пен санитария шараларын сақтау үшін күрес жүргізу. Денсаулық әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуы қажет.

Сонымен, Елбасының жолдауын Қазақстан азаматтарының денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын ынталандыру егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын, алтын сұрлеу десе болады.

Салауатты өмір салтын жастардың бойында қалыптастыру мемлекетіміздің «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің негізі ретінде көрсетілген. Онда ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамдарды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау жолдары белгіленген.

Біздің мектеп 2010-2012 оқу жылынан бастап денсаулық сақтау технология бойынша жұмыс атқарып келеді.

Жылдың басынан өз сыныптарымызға жоспар құрып, сол құрылған жоспар бойынша іс-шаралар өткіземіз. әр сабақтарда денсаулық сақтау элементерін қолданамыз. «Алтын күз» және «Денсаулық күні» мектептік бұл іс-шаралар таза ауада көктемде және күз айларында өтеді. Бұл шараға 1-4 сынып оқушылары белсене қатысады. Оқушылар бұл жерде өтетін сайыстарды өздері ойлап ұйымдастырады, қайынды жер текке таңдалған жоқ, мұнда жақсы дем алып слетті ұйымдастыруға өте қызықты. Әр сыныптың жетекшілері әдістемелік және ұйымдастыруда оқушыларға көп көмек көрсетеді. Қалалық сайыстарға өз жоболарын дайындап, орындарға ие болып келеді. Оқушылармен сайыстар мен слеттерге қатысады.

Менің 2 «б» сыныбым мектептегі денсаулық сақтау бойынша үшінші жыл тәжірибеге қатысады. Осы уақытқа дейін оқушылардың өздерінің «Бақылау күнделіктері» бар, олар осы күнделіктер бойынша жылда өздерінің бойындағы өзгерістерді бақылап отыруға мүмкіндік алды. Толығырақ айтсақ оқу жылының басында және аяғында өздерінің бойларын және салмақтарын, денсаулық жағдайларын бақылайды. Оқушыларға түрлі тақырыптар беріліп, олар осы берілген тақырыптар бойынша өздерінің ойларын шығарма, композиция және суреттер арқылы өте қызықты жеткізді. Оқушылар түрлі спорт дайындықтарына белсене қатысады. Қыс бойы сыныппен бассейнге де жиі барып тұрдық, сонын арқасында байқағаным олар түрлі вирустық ауруларға аз шалдықты. Ал осы жылы ең қызықтысы, оқушыларға ол сыныптың «Қарағанды көшелерімен жүріп өтелік» атты жобаға қатысып, «Алтын тұлпар» ат баптау кешеніне барулары болды.

Олар өздері қазақ халқының жылқы малымен жақын танысып, жылқы малы өте сезімтал жануар екенін және оны баптау оңай еместігін білді. Қазақтарда жүйрік аттарды тұлпар, сәйгүлік, арғымақ деп атағандарын біліп, қандай тұлпар аттар қазақтың көптеген аңыз, эпос жырларында керемет суреттелгендерін білді. Мәселен, Қобыланды батырдың Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, ХІХ ғасырдағы тұлпар аттың ардақтысы Саңырақтың Құлабестісі, Ақан серінің Құлагері екені.

Қазақ халқымыздың «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағидасын бала санасына енгізе алсақ, болашақта дені сау ұрпақ тәрбиелеп шығамыз.

«Салауатты өмір – салтымыз», «Денім сау болсын десең...» атты тренинг сабақтар, «ЖҚТБ - ғасыр тажалы» ашық сынып сағаттары, «ЖҚТБ ауруымен қалай күресуге болады?» сабақтар, «Шынықсан, шымыр боласын», «Бақытың да, байлығың - денсаулық» ашық тәрбие сағаттарын, әртүрлі қозғалыс ойындарын ұйымдастыру арқылы оқушы балалардың денсаулықтарын нығайтуға көп көңіл бөлеміз. Сондай-ақ оқушылардың денсаулық туралы білімдерін жетілдіретін «ЖҚТБ ауруымен күрес», «Дені саудың - жаны сау» денсаулық күндерін жыл сайын өткізу дәстүрге айналды.

Сонымен қатар, ата-аналармен де салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Әкем, шешем және мен» атты спорттық жарыстар болып тұрады.. Спорт саласы бойынша да баскетбол, волейбол, футбол, ойындары арасында сыныптар бойынша жарыстар өткізіліледі.

Осы сабақтарда оқушыларға денсаулыққа байланысты көптеген мәліметтер беріледі, денсаулық сақтау ережелері мен аурудың алдын алу бойынша білімдерін дамыту жұмыстары жүргізіп отырамыз. Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау өсіп келе жатқан жеткіншектерге денсаулық-зор байлық екендігін түсіндіру аса маңызды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру процесі ұзақ мерзімді және баяу процесс, бірақ та бұл қазіргі таңда денсаулықты сақтаудың ең тиімді әдісі болып табылады.

Дені сау ұрпақ, қоғамның қуаты демекші, қай халықтың болса да болашағы жастардың денсаулығына тікелей байланысты. Сондықтан дені сау, салауатты өмір салтын ұстанатын жас ұрпақ тәрбиелеу өз қолымызда

Салауатты өмір салты мен өмір сүру үшін төмендегі талапты орындау керек. Адам денсаулығын сақтауда төмендегідей факторлардың маңызы зор.

- Айқын жасалған күн тәртібінің болуы.
- Дұрыс тамақтану.
- Дұрыс тынығу.
- Дене еңбегімен шұғылдануы.
- Таза ауада болып, күн көзінде серуенлеу.
- Табиғат аясында болуы.
- Зиянды әдеттерден сақтану.
- Дұрыс қозғалыста болуы.

Біз мектебімізде оқушыларға денсаулық туралы үйрете отырып, жоғарыда айтылғандардың барлығын сабақ процессінде қолданамыз.

Мысалы, «Өмір қозғалысты талап етеді» деп Аристотель айтқандай, адамда қозғалыссыз өмір жоқ. Мұны әркім білуі тиіс, ұзақ өмір сүргің келсе қимыл қозғалыста болу керек. Адамдарда аз қозғалудың нәтижесінде аурушандық пайда болады Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі. Өміріміз - өз қолымызда.

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты. Адамға өмір бірақ рет беріледі. Бұл ретте оның денсаулығы мықты, рухы күшті болғаны абзал!

Жаңа ғасыр азаматы – дені сау, рухани бай адам!

19.10.2021 ж. № C00069

## БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

### КОЙЧИБАЕВА ЗЕРХАН

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы  
«№11 Теңге бөбекжайы» тәрбиешісі*

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұнын мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі.

Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай

топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.

5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын - жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс - жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө - мө - мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыздар?» дейді.

- Балалар: - Орманға жидек теруге бара жатырмыз

Деп жауап береді.

Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды.

Тоқылдақ балаларды көріп «тық - тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ - шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар - қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек - көкек» деп қалыспайды.

Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі.

«Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын - жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін.



№ D00007 19.10.2021 ж.

## ЗОЛОТАЯ ОСЕНЬ

**МУРЗАГАЛИЕВА МАДИНА АЛИБЕКОВНА**  
*Актюбинская область г.Алга ТОО "Нұр бала би "*  
*воспитатель*

Цели и задачи:закреплять и расширять у детей представления об осенних явлениях природы посредством выразительного исполнения ими песен, танцев, стихотворений, игр;

развивать музыкально-творческие способности детей, поддерживать эмоционально-положительный настрой;

способствовать раскрытию творческих способностей детей.

1. Вход - музыкальная композиция"Разноцветная осень"(с листьями)

Дети выстраиваются полукругом.

**Ведущая:** Дорогие ребята, уважаемые взрослые!

Заглянул сегодня праздник в каждый дом,

Потому что бродит Осень за окном!

Заглянул осенний праздник в детский сад,

Чтоб порадовать и взрослых и ребят!

Нынче праздник на дворе –наступила осень!

Мы об Осени детей рассказать попросим.

Реб. 1 Листья с клена облетают, в тихом воздухе парят,

Праздник Осени прекрасной наступает для ребят!

Реб.2 Он лесами и лугами, и по убранным полям

В город весело шагает, в гости он приходит к нам.

Реб. 3 Осень – желтенькое слово жёлтенькой картинки.

Потому что пожелтели листья на осинке.

Реб.4 Любит осень жёлтый цвет:

С жёлтым дождиком рассвет,

Пожелтевшую траву, и опавшую листву.

Листьев жёлтые страницы,

Улетают снова птицы.

Погрустить любит она,

Осень – жёлтая пора.

Реб.5 Осень – ласковое слово, теплые денечки,

Потому что солнце дружит с легким ветерочком.

Реб.6 Осень - вкусненькое слово, варится варенье,

Потому что фруктов много, много угощенья!

## **2. Исполняется песня " Осень в лесу"(Осень снова к нам пришла)**

1. Осень, осень, осень – снова к нам пришла,

Осень, осень, осень – чудная пора.

В золотом наряде парки и сады.

Осень, осень ждали с нетерпением мы!

Припев: Парам-пам-пам, парам-пам-пам.

2. А в лесу чудесно, просто красота!

И тропинка тянется прямо вдоль пруда.

На ветвях малины ягоды висят,

За пенечком прячутся шляпки у опят.

Припев: Парам-пам-пам, парам-пам-пам.

3. Белка на поляне шишечки грызет,

Ежик босоногий по лесу идет.

На спине у ежика яблоки, грибы:

Ежик, правда любишь осени дары?

Припев: Да, да люблю, да, да люблю!

Парам-пам-пам, парам-пам-пам.

Реб.7 В зал осенний мы пришли

Повстречаться с Осенью.

Нам под ноги тихо-тихо

Осень листья бросила.

Реб.8 Листики кружатся

Нам под ноги ложатся.

Листья желтые летят,

- Осень, осень листопад!

Реб.9 Мы праздник сегодня устроим

И осень к нам в сад позовем.

Попляшем мы с ней, поиграем,

Осенние песни споем!

Ведущий: Но где же Осень?

Вдруг она забыла к нам дорожку?

С делами, может быть, пока замешкалась немножко?

Ребята, давайте пригласим красавицу Осень к нам в гости?

Давайте все вместе дружно крикнем:

**Осень! Осень! В гости просим!**

## **3. Входит Осень (взрослый)**

Осень: Здравствуйте, ребятишки,

-Девчонки и мальчишки!

Я - Осень золотая, в гости к вам пришла.

Жёлтыми листочками всю землю убрала.

Яркой, рыжей краскою - клены разукрасила,  
На кусты надела золотые платица.  
Как добрая художница водила нынче кистью,  
Дубовые, кленовые разрисовала листья!  
Ведущая: Мы очень рады, Осень,  
Вновь встретиться с тобой!  
Прочтем стихотворенья  
Для гостыи дорогой!  
Реб.8 В платье пестром, золотистом  
Осень к нам явилась в зал,  
Как прекрасная царица,  
Открывающая бал.  
Реб. 9 Ты так красива, Осень,  
В наряде золотом!  
Листочек красный, жёлтый  
Летает за окном.  
Реб. 10 Здесь мы праздник радостный  
Весело встречаем,  
Для тебя сейчас споем,  
Осень золотая!

#### **4. Исполняется песня "Осень чародейка"**

1. Осень-чародейка в гости к нам пришла,  
Щедрые подарки детям принесла.  
Припев №1: Яблоки и груши,  
Спелый виноград.  
Осень золотую  
Все благодарят!  
2. Осени подарки радостно берем  
И в корзинки наши весело кладем.  
Припев №1: Яблоки и груши,  
Спелый виноград.  
Осень золотую  
Все благодарят!  
3. Хмурая погода нас не огорчит.  
Яркая природа всех развеселит.  
Припев №2: Пусть и дождь, и ветер  
С самого утра –  
Нравится всем детям  
Осени пора!  
4. Пестрые, цветные, как картинки в ряд,  
Листья расписные солнышком горят!

Припев №2: Пусть и дождь, и ветер  
С самого утра –  
Нравится всем детям  
Осени пора!

Осень: Как красиво вы поете,  
И стихи читаете!  
А на сцене, как артисты,  
Часто выступаете?  
Ведущая: Все наши ребята любят выступать,  
И аплодисменты зала любят получать!  
Танец мы станцуем, а ты посмотри:

Очень постарались  
Для тебя они!

**5. Дети исполняют танец "Листики кораблики"**

Осень раскрасавица ( по кругу)

Появилась в городе,

Листики раскрасила

Все багряным золотом.

Припев: Как кораблик маленький (Качаются парами.)

Плавает листочек,

По осенней лужице (Кружатся парами шагом.)

Желтый мотылечек.

Стало небо ниже, (Медленно «фонариками» опускают руки через стороны вниз.)

Холодней на улице,

Листья закачались (Ладочки приподняты по разным сторонам, топотушки в круг.)

На осенних лужицах . (Топотушки из круга.)

**Припев: тот же и движения**

Желтые и красные (по кругу)

Листики кружатся,

С ветерком играют,

Падать не боятся.

**Припев: тот же и движения**

Тучи в небе хмурятся, (повтор движений 2 куплета)

На асфальте лужи,

Некуда нам спрятаться

От осенней стужи.

**Припев: тот же и движения - уходят на стульчики**

Осень: Танец ваш - ну просто чудо!

Всем рассказывать я буду  
Сколько здесь талантливых ребят!

Ведь не зря вы - Пятый сад!

**Загадки** А загадки мои вы отгадать готовы? - Да!

1. Лето целое старалась -

Одевалась, одевалась,

а как осень подошла,

Нам одежды отдала.

Сотню одежонок

Сложили мы в бочонок. (*капуста*)

2 Он бывает, дети, разный -

Желтый, зеленый, черный и красный.

То он жгучий, то он сладкий,

Надо знать его повадки.

Он на кухне - глава специй!

И зовут его все ..... (*перец*)

3. На кустах зеленых - красные плоды,

Толстые, пузатые, узнаешь их ты?

Как большие ягоды на веточках висят

С нетерпеньем просятся в овощной салат (*помидоры*)

4. Летом - в огороде,

Свежие, зеленые,

А зимою - в банке

Крепкие, соленые. (*огурцы*)

**Осень** Ах, какие вы, молодцы!

Ведущий Осень дарит нам богатый урожай фруктов и овощей.

Давайте покажем нашей гостье как мы наш урожай собираем.

**6. Исполняется песня-хоровод "Огородная-хороводная"**

**7. Выходят девочки-ягодки, становятся в круг, трое на переднем плане  
оборачиваются к гостям.**

8. Исполняется танец "Ягодки-кокетки"

Ведущий Спасибо, Ягодки за такой задорный танец!

А чем еще ты нас порадуешь?

9. Осень Ребята, а вы любите сказки?

Дети Да!

Осень Тогда сидите тихонько и слушайте волшебную осеннюю сказку!

Жила-была девочка Соня. И вот однажды осенью, пошла она в лес, за грибами.

Скоро солнышко спряталось за тучку, и стал накрапывать дождик...

убери!

**10. Исполняется "Танец с зонтиками" (Дождик капает по крышам)**

Осень Молодцы ребята! Порадовали меня веселым танцем!

А играть вы любите?

Ведущая Зонтики сейчас возьмем

Поиграем, отдохнем!

**11. Проводится игра "Зонтики и лужи"**

Дети делятся на 2 команды, каждой команде даётся по зонтику. Первые игроки с зонтиком в руках оббегают обручи-лужи, добегают до кубиков, стоящих на другом конце зала, оббегают их и возвращаются назад, передают зонтик следующему игроку. Так должна пробежать вся команда.

**12. Ведущая** Дорогая Осень - а что у тебя еще есть в корзинке?

Осень Осень дарит детям яркие листочки.

И под ними прячутся вкусные грибочки.

А сейчас мы поиграем с грибочками!

**13. Проводится игра «Собери грибы»**

*Играют по 2 команды (5 чел) - переносят по 1шт. рассыпанные в обруче грибы в свою корзинку – кто быстрее. Корзинки стоят на удалении от обруча, брать можно по 1 грибу.*

**Осень** Вот как много грибов мы смогли собрать!

Молодцы!

Осень Что ж, пришла пора прощаться

Дел немало у меня

Всем желаю вам здоровья,

**ДО СВИДАНЬЯ ДЕТВОРА!**

Ведущая. Уважаемые родители!

Закончился праздник, окончена встреча,

Настал расставания час.

Мы пели, играли - и всех согревали

Улыбки и блеск ваших глаз.

До новых встреч! До свидания!

19.10.2021 ж.

№ D00008

## **Жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгереміз**

### **ҚОЗАЙДАРОВА МӨЛДІР МАЛХАРБЕКОВНА**

*Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Көгершін ауылы.*

*Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің өзін өзі тану пәні мұғалімі.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2006 жылғы наурызда «Қазақстан - өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты Қазақстан халқына жасаған жолдауында: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет»- деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан бүгінгі күні қарқынды дамыған заман талабына ілесу үшін болашақ ұрпаққа берілетін білім мен тәрбие саналы да сапалы болатындай Отанымыздың жарқын болашағына қызмет ететіндей болуы керек. Елу елдің қатарына өткелі тұрған уақытта сапалы білім болуы қажет. Әрбір қоғам мүшесінің бойында адамгершілік рухани қасиеттерімен орын алуы тиіс.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасы Қазақстандағы ең тиімді бағдарламалардың бірі деп ойлаймыз. Себебі бүлдіршендерді ізгілікке үйретіп тәрбиелеудің ең бір тиімді жолдарын көрсетіп отыр. «Өзін - өзі тану» пәнінің болашағынан үлкен үміт күтеміз.

Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым - қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаны шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда, қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа тәрбиемен білім беру технологияларын жетілдіруде « Өзін - өзі тану » сияқты бірегей курстың шүбәсіз өзектілігі мен маңызы зор.

Оның аясында жалпыадамзаттық құндылық, адамгершілік бағдарларын жоғалтқан қазіргі замандағы технократикалық өркениетті тажалдан – тек адамның рухани көзінің ашылуы, оның өзінің жоғарғы рухани субстанцияға бастапқы қатынасын сезінуі ғана құтқара алуы мүмкін. «Өзін- өзі тану» пәні адамзатқа ортақ, планетарлы импульс пен бір уақытта ұлттың жалпыадамзаттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңірудегі рухани бастаудың қайнар көзі.

« Өзін - өзі тану » пәнінің әлемде теңдесі жоқ пән ретінде Қазақстанның білім беру саласына енгізілгені және рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздерін айқындауға әлемдік рухани тұлғалардың идеяларына сүйене отырып заманауи ғылымдағы рухани бастауларға баса назар

аударылып, Қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білімнің маңызын аша түсуде. Құндылықтар туралы мәселені алғаш рет көтерген Сократтың ой тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сұрақтар қою арқылы өзгелерді танығандығын, оны игілік тұрғысында қарастырады. Сократ философиясының мақсаты адамды ізгілікке тәрбиелеу деп түсінді және адам оған өзін тану және өзін сынау арқылы жете алады. Оның әйгілі «Менің білетінім – мен ештеңе білмеймін, басқалар оны да білмейді», «Өзіңді - өзің танып біл!», «Әр адамның бойында күн бар, нұр бар, тек оның нұрлануына мүмкіндік беріндер» деген қағидаларының негізгі мазмұны да осы. Сократтың ойынша, белгілі бір асыл қасиет туралы білім жинаған адам сол қасиетке жете алады, бәрі адамның өзіне байланысты, адам тәнін емес, рухын, жанын шындауға үнемі ұмтылуы тиіс, себебі, жаны бақытқа бөленген адам ғана бақытты.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, «Өзін- өзі тану» пәні ұлы ғұлама ойшылдарымыздың тұжырымдарына негізделгендігімен құнды. Оны өз заманындағы ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты Жүсіпбек Баласағұнның «Ізгілік ілімі», Қожа Ахмет Яссауидің «Хал ілімі», Әбу Насыр Әл – Фараби «Жан қуаты ілімі», Абай Құнанбаевтің «Толық адам», «Имани гүл ілімдері», Шәкәрім Құдайбергеновтің «Шын адам», «Ар ілімі» тағылым мен тәрбиенің тірегі болуында.

Оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуда «Өзін- өзі тану» пәнінің рөлі **біріншіден**, рухани – адамгершілік білімнің қазіргі әлемдегі басымдылығы, «Өзін- өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи кезеңдері, Заманауи білім кеңістігін ізгілендірудің жаңа тәсілдемелері. Рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық – педагогикалық негіздері, өзін - өзі тану пәні басқа пәндердің интеграциясы, сабақтан тыс іс - әрекеттер арқылы «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының жүзеге асырылып жан – жақты талдау жасалуда.

**Екіншіден**, Өзін - өзі тануды оқытудың аксиологиялық аспектілері, Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық және қиянат жасамауды жалпы адамзаттық құндылық ретінде қарастырылған «Өзін - өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі және шынайы көшбасшыға тән адамгершілік қасиеттер айқындалып, нақты мысалдармен дәйекті дәлелдер келтіріледі.

**Үшіншіден**, «Өзін - өзі тану» пәнінің құрылымдық мазмұндық және әдістемелік сипаттауда сабақтағы жағымды ойлау, әңгімелеу әдісін терең рухани – адамгершілік құндылықтарға бағыттау, ән айту мен музыканың маңызына жан – жақты тоқталады. Ата – аналармен байланыс жасау жолдары



және сыныптан тыс іс – шараларды өткізудегі тоерия мен тәжирибиенің сабақтастығы қарастырылатыны маңызды.

**Төртіншіден,** Өзін - өзі тану пәні адам оқу білім алу үшін алдымен қоршаған дүниені, табиғат құбылыстарын танып - білу арқылы табиғатты аялап, ізгілікке баулу ұлттық тамырдан нәр алады, табиғатқа деген адам көзқарасының дұрыс бағытта болуы оның ой – сезіміне әсер етіп, мінез құлқын жетілдіру арқылы жүзеге асады.

**Бесіншіден,** өзін - өзі тану пәнін оқытуда сүйіспеншілік, сенім, шығармашылық шабыт атмосферасын құру, өзін - өзі зерделеуде өзін - өзі интуитивті түрде ұғынуға жағдай жасалады. Рухани адамгершілік білім беру үдерісінде тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану көзделуде. Өзін - өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау, жағымды күйге келу әдісін қолдану арқылы: тәртіп, өзін - өзі қадағалау, денсаулық, зейін қою, ақылдың байсалдылығы, ес, интуиция, басқаларға деген сүйіспеншілік, ішкі тыныштық орнатуға болатынын, ішкі тыныштық орнағанда еш уақытта қиянат жасалмайтындығы ақиқат.

**Алтыншыдан,** өзін- өзі тану пәнінің негізгі идеясында бүгінгі қоғамда білім беруде сыртқы білім: сыртқы дүниені зеттейді, китаби білімге негізделген, қалауларды оятады, дүниеде күн көру үшін қажет деп есептейді, ақыл мен тәнге қарасты мәселелерді шешіп, мұндағы білім беру мақсаты ақпарат берумен шектеледі.

Рухани білім берудің яғни, ішкі маңыздылығы: ішкі рухани қасиеттерді аша ашады, адамның, баланың ішкі дүниесін зеттейді, өмірлік тіжірибиеге негізделген, әрбір адамның жүрегіне жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды, білім беруді өмірлік мақсаттармен байланысты қарастырады, интуицияны дамытады және ақылмен ойлап, жүрекке жүгіне отырып әрекет ететіндігін нақты дәлелдейді.

**Жетіншіден,** Өзін - өзі тану пәнін өткізетін мұғалім қандай болу керек? деген сауалға жауап іздеуде әрине, көрнекті педагог, ізгілік педагогикасының негізін қалаушы Ш.А.Амонашвили: « Мектепті емес, мұғалімнің рухани дүниесін реформалау қажет » деген ой тұжырымы басты ұстаным ретінде алынған. Оны мына сөздерден көреміз: « Оқушыға білім ұшқынын шашу үшін мұғалім өз бойына телегей теңіз нұр жинау керек. Мұғалім өз сабағын сәулендіретін нұрды қайдан алады? ... Мұғалім өз бойындағы рухани әлемінен алады, егер ол әлем әсемдікке және асқақтыққа толы болса...» деген сөзінен ізгіліктің иісі аңқиды. Ол ізгілік педагогикасының үш постулатын айқындап берді.

Мұғалім – шабытты еңбек етіп, шеберлігінің шыңына жету үшін - баланың таным – түсінігін жете қадағалап, дамыта отырып, рухани бастауларға жол ашу арқылы, оқу әрекетіне қызықтыра білу, ізденіске, жаңалыққа ұмтылдыра алу қажет деп ойлаймыз. Ол үшін мұғалімге басты екі қасиет қажет: біреуі қарапайымдылық, өз кемшіліктерін түсінетін, екіншісі кемелденуге тілек, өз кемшіліктерінен құтылу үшін.

Ұстаз деген мамандық Алладан берілген сый – екенін сезіне білу керек. Сонымен ойымызды қорытындылай келе, оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуда «Өзін- өзі тану» пәнінің алар орны ерекше.

« Өзін - өзі тану » пәні жас ұрпақты өмірден өз орнын табуына бағыттай отырып, олардың кәсіби – тұлғалық жетілуін, интеллектуалдық дамуын қамтамасыздандырады, рухани – адамгершілік тәрбиесін жетілдіреді және қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытады.

Осындай адами құнды, қоғамдық маңызды құндылықтарды бойларына сіңірген жеткіншектер елімізде қолға алынған жаңашылдық бағыттағы кеңестерге өз үлестерін қоса алатыны ақиқат.

19.10.2021 ж. № D00009

## Дені сау адам - жарқын болашақ иесі!

### САТАЕВА ДАМЕЛИ ТАТИБАЙҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы

«№11 Теңге бөбекжайы» тәрбиешісі

**Мақсаты:** Балаларға тазалық туралы өз білгендерін әңгімелеуге жаттықтыру және алған білімдерін қолдануға дағдыландыру, сюжеттік рольдік ойындар арқылы сөздік қорларын молайтып, бір-бірімен қарым қатынасын нығайту.

**Көрнекілігі:** Слайд, бейнеролик, декарация шаштараз, дүкен, дәрігер ойын бұрыштары.

**Әдіс-тәсілі:** Көрнекілік, топпен жұмыс, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мақтау-мадақтау;

#### Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

*(зал әсем безендірілген, балалар сап болып ,әуенмен залға кіреді, жарты шеңбер болып тұрады)*

**Тәрбиеші:** Балалар бүгін ерекше күн болғалы тұр,қарандаршы бізге көп қонақтар келіп қалыпты, қонақтарға амандасайық.

**Балалар:** Армысың Алтын күн!

Армысың көк аспан!

Армысың Жер-Ана!

Армысыздар қонақтар!

*(балалар орындарына отырады)*

-балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың қыс мезгілі

-Дұрыс айтасындар, әр қыста бір ғажайып болады. Бүгінде бір ғажайып бар. Мен қыс сәнін тамашалап жүріп мынадай құрылғы тауып алдым. Бұл уақыт көлігі деп аталады. Уақыт көлігі өткен жылдар мен келер жылдарға апара алады. Бүгін мен сіздерге өткен жылға апарып, көргім келеді. Сіздер барғыларыңыз келеді ме?

*(балалардың жауаптары)*

-Ендеше балалар қане барлығымыз көлікке отырайық.

*(әуен ойнайды, балалар қатармен жүріп көлікке отырады)*

*(Тосын сәт. Балалар жан-жағын тамсана қарайды. Балалардың алдынан уңгірден ежелгі адам шыға келеді, ол таңырқап, қимыл әрекеттер жасайды)*

**Тәрбиеші:** Балалар қарандаршы, бұл кім деп ойлайсындар?

**Балалар:** адам ғой, неге үсті лас, неге сөйлей алмайды т.б сұрақтар қояды.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе адам. Біз болашақ елінен келіп тұрмыз,балалар бұл ежелгі адам, бізден бірнеше жыл бұрын адамдар осындай болған.

**Балалар:** Апай оны өзімізбен алып кетейікші.

**Тәрбиеші:** Қане оған түсіндіріп айтып көрейін, дұрыс айтасың олда мүмкін барғысы келетін болар. Бізге қатты таңғалып қарап тұр.

*(тәрбиеші қимыл әрекеттермен рұқсат сұрайды, ежелгі адам басын изеп келіседі)*

**Тәрбиеші:** Алақай балалар, ол келіскен секілді. Балалар ежелгі адамды болашақпен таныстыруға дайынбыз ба?

**Балалар:** Ия дайынбыз

**Тәрбиеші:** Ендеше уақыт көлігімізге отырып, өз жылымызға елімізге қайтайық.

*(әуен ойнайды, балалар қатармен жүріп көлікке отырады)*

**Тәрбиеші:** Міне балалар өз елімізге де келдік. Ал енді балалар ежелгі адамды, ол үшін болашақ болып саналатын адамдардың жағдайын таныстырайық.

*(Балалар ежелгі адамды айнала шеңберге тұрады.)*

**Тәрбиеші:** Балалар енді, ежелгі адамға есім қояйық. Кім деп қоямыз?

**Балалар:** Азамат деп қойайықшы апай.

**Тәрбиеші:** Жарайды. Сенің есімің Азамат болсын. Ой балалар сөйлеп білмейтінін ұмытыпшы ғой, қане барлығымыз оның есімін қайталайықшы.

*(балалар Азамат деп қайталайды)*  
Балалар ол, қалай айту керектігін көрсетейік, сөйлеуді үйретейік, қолымыздағы айнаға қарап, Азамат деп айтайық, болашақты сөйлеуге, өз атын айта білуге үйретейік. Балалар енді Азаматқа қандай көмек керек екенін біліп тұрсыздар ғой, солай ма?

**Балалар:** Алдымен дұрыс жүруді үйретейік.

**Тәрбиеші:** Қане ендеше бәріміз көңілді жаттығулар жасайық.

*(көңілді әуенмен балалар Азаматпен жаттығулар жасайды)*  
**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар. Ал Азамат енді дұрыс жүруді үйренді. Енді қандай көмек көрсете аламыз?

**Балалар:** алдымен беті-қолы жуып тазалық жасау керек, денсаулығын тексеру керек, емдеу керек, таза киімдер кигізу керек.

**Тәрбиеші:** Олай болса балалар Азаматқа көмек көрсету үшін, бірнеше топқа бөлінейік. Кім қай топқа барғысы келеді, өздеріңіз қалауларыңыз бойынша көмек көрсету топтарына жиналайық.

*(балалар дәрігер , шаштараз, дүкен бұрыштарына бөлінеді)*

**Тәрбиеші:** Балалар алдымен денсаулығын тексеруден бастайық, ол үшін не істеуіміз керек?

**Дәрігерлер:** Біз. Қазір Азаматтың денсаулығын тексереміз. *(балалар рөлдерге бөлініп, Азаматты дәрігер бұрышына апарып, денсаулығын тексеріп, емдеп, көмек береді)*

*(Ежелгі адам балалардың қимылдарына тамсана қарайды.)*

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Балалар біз Азаматтың денсаулығын тексердік, қажетті дәрі –дәрмектерді бердік, арнайы екпелерді егіп, емдедік. Енді Азаматқа кімдер көмектеседі?

**Шаштаразшылар:** беті- қолын жуу керек, шомылдыру керек. Тазалық денсаулық кепілі. Енді біз көмектесейік.

*(балалар рөлдерге бөлініп, Азаматты шаштараз бұрышына апарып, тазалық жасауды көрсетіп, көмек береді)*

*(Ежелгі адам балалардың қимылдарына қызығушылықпен қарайды)*

**Тәрбиеші:** Азамат енді тым жақсы болдың. Жарайсыңдар балалар!

Ал балалар Азаматтың көңілі көтерілген секілді, Ол барлығын түсініп отыр, қане барлығымыз көңілімізді көтеріп бір сергіту сәтін жасап алайық.

**Сергіту сәті**

*(Дене мүшелеріне байланысты сергіту жасалады)*

**Тәрбиеші:** Керемет балалар, Азамат қандай көңілді болды. Ал енді қандай көмек көрсете аласыңдар?

**Дүкеншілер:** Біз Азаматқа таза әрі денсаулыққа зияны жоқ киімдерді кигізіп көмектесеміз.

**Балалар:**Киім кигенде үлкен болмау керек, немесе тар болмау керек,кигенде өзіңе ыңғайлы болу керек.Киім дер әртүрлі маталардан тігіледі. Мысалы:Жұмсақ мата денеге ыңғайлы, ал қатты мата ол синтетика оны кигенде денең тітіркеніп кетеді.

Денсаулығымыз мықты шымыр болу үшін уақытымен тамақ ішу керек,жемістерді көп жеуіміз керек,алма, алмұрт, жүзім оларда дәрумендер көп болады.Жемістерді үнемі жуып жеу керек.Жерге түскен тағамды жеуге болмайды.

*(балалар рөлдерге бөлініп, Азаматты дүкен бұрышына апарып, таза киімдерді береді,пайдалы азық-түліктерді беріп көмектеседі)*

*(Ежелгі адам балалардың қимылдарына қызығушылықпен қарайды)*

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар! Балалар Азаматтың киімі де өзіне жараса кетті. Балалар Азамат біздің өмірімізге бейімделді. Азамат сен әлде де болашақты көргің келеме? Ендеше сен уақыт көлігіне отырып,саяхат жасауыңа болады. Ал біз осында қалуымыз керек.

**Азамат:** Рахмет балалар, сендер маған көп нәрсе үйреттіңдер. Мен сендердің кім екендеріңді сұрағым келеді.

**Балалар:** біз қазақпыз. Азамат саған сәттілік тілейміз. Сау бол.

*(Балалар Азаматқа денсаулыққа байланысты өз сыйлықтар ұсынады да қоштасады. Уақыт көлігіне отырып ұшып кетеді)*

**Тәрбиеші:**Балалар бүгінгі саяхат сендерге ұнадыма?өте жақсы барлығыңда жақсы қатыстыңдар. Қорытындылайды. Мадақтайды.

19.10.2021 ж. № D00010

## **Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы**

**ДЖАЙМАНОВА СВЕТЛАНА САБЫРБАЕВНА**  
*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы*  
*«№11 Теңге бөбекжайы» тәрбиешісі*

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілдік мәдениетін тәрбиелеу.
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізуге икемделеді. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз.

Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол.

Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.



Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

19.10.2021 ж. № D00011

**Балаларды мектепке даярлауда  
мнемотехника әдісінің ерекшелігі**

**БАЛАЖАНОВА ГАЛИЯ ЖАҚАНОВНА**

*Алматы қаласы Алатау ауданы «Жанерке» балабақшасы  
ересек тобының тәрбиешісі*

Мнемоника (гр. mnematik - есте сақтау өнері) - табиғи ассоциациялар жасау көмегімен есте сақтауды қамтамасыз ететін, жасанды түсініктер арқылы қажетті мәліметтерді еске сақтауды жеңілдететін ережелер мен тәсілдер жиынтығы.

Мнемоника таңбалары сақталып қалған не топталған бірнеше затарқылы, солардың суреттерінен көрінуі мүмкін. Мысалы, садаққа—соғыстың, соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы аудандарында таңбалы тастар көп, солардың бетіндегі қолына найза, садақ ұстаған адамдар мен әртүрлі аң суреттері ерте замандағы аң аулау көрінісін еске түсірегін мнемоникалық таңбалар болып табылады. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды.

Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі.

Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объектің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Мектепке дейінгі бала есте сақтау мен қабылдауы жоғары қабілетімен ерекшеленеді. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстық және көру қабілеттері де дамиды. Мектепке дейінгілердің жас ерекшеліктеріне қараса, осындай қорытындыға келуге болады, сөйлейтін суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда, өлең, логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді. Есте сақтаумен жұмыс әдістерін қалыптастырады.

Есте сақтауды бекітудің ережесінің бірі былай дейді: «Жаттағанда жаз, сызба, диаграммалардың суретін сал, кестелерді сыз». Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі.

Таңбалы рәміздер дегеніміз не? Бұл объекттің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия – бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы.

Әсіресе 6-7 жастағы балалардың тілдің дамуында ерекше маңызы бар. Балаларда танымдық белсенділік арттылады.

Баланың тілін дамыту үшін 6-7 жастағы балалар шағын әңгіме құрастырады, өлеңдер, алогоритмикалық жаттығулар жаттайды. Әңгіме сипаттағанда, өлең, логоритмикалық жаттығулар жаттағанда сызбалар қолданған қолайлы. Мнемотехникалық әдістің міндеті: қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс ай тылуын жаттықтыруы, сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуы.

Ересек топтан бастап балаларда қоршаған әлем туралы түсініктер бар болғанда, таңбалы рәміздерді құрастыруға өздеріне жасауға болады. Бала өзі таңба жасайды, одан кейін мұғалім сәйкес келетін рәмізді таңдап алады.

Заттардың белгілері мен күйін (көңілді, ызалы, аянышты, т.б), іс - әрекетті білдіретін таңбалы рәміздерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен ойнау және эмоциялы-ымдық деңгейде әрекетті көрсету қажет.

Әңгіме, өлең, логоритмикалық жаттаулар жаттағанда әрбір дыбысталатын сөзді алмастыруға болады.

Кейбір кезде рәміздік бір сызда толық сөйлемді суретте көрсетуге болады. Егер де біз кейбір сөздерге балалардың ерекше назарын аударатын болсақ ( мысалы, іс-әрекетін білдіретін сөздер), оларды жеке сызда көрсеткен жөн.

Өлең, логоритмикалық жаттығулар жаттауда ондағы бірнеше рет қайталанып келетін сөз тіркестерін сөздерді рәміздермен алмастырудың қажеті жоқ. Мемлекеттік стандартына сай әңгіме құрастыру, жаттау айына 2-3 рет. 5-6 жастағы балалар әңгіме құрастырғанда 3-5 сөйлем, ал 6-7 жастағы балалар 5-7 сөйлем құрастыру қажет.

Сызба – схемалар тақырыптарға байланысты үйренген жеке сөздермен сөйлем құрастыруға, сөйлемдермен әңгіме құрастыруға таптырмайтын қазына. Сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез үйренеді. Әсіресе отбасы тақырыбына арналған сызбаны әр сабақта қолдануға болады. Бұл сызбаға қарап, балалар отбасы мүшелерінің атауын тез есте сақтауға, адамдардың әрекеттерін әңгімелеуге үйренеді.

Жеміс-көкөністерге арналған сызба бойынша балалар олардың түрін, түсін, дәмін, қайда өсетінін сипаттап бере алады. Мысалы, алманы сипаттау: алманың түсі қызыл, пішіні – домалақ, дәмі – тәтті. Ол ағашта өседі, жеміс. Біз оны жейміз. Ойыншықтарға арналған сызба бойынша балалар олардың түсін, пішінін, мөлшерін атап беруге үйренеді.

Міне, осылай әрбір жаңа тақырып бойынша сызбалар қолдануға болады. Мұғалім өз балаларының қабылдау қабілетін, жас шамасын ескере отырып, сызбаны өзі жасап алуына да болады.

Мнемотехникалық әдіс – өлеңдерді, алогоритмикалық жаттығуларды жаттаудың, әңгімелерді сипаттаудың әдістемесі.

Осы жастағы балаларға өлеңдер жаттауда сөйлейтін суреттерді қолданған қолайлы. Өлең жаттауда әр сөзді рәміздермен алмастыруға болады. Кейбір жағдайда сөйлемді бір сызбада көрсетуге болады. Заттардың сынын, күйін, әрекетін білдіретін суреттерді құрастырғанда толық түсіну үшін балалармен бірге ойнау қажет және эмоциялы деңгейде әрекетті көрсетуге болады. Мектепке дейінгілерді өлеңдерді мәнерлеп жаттауға, шығармаға сай ырғақты сақтауды үйретеді. Балалармен бірге қайталағанда педагог интонацияға, дикцияға, дем алуына назар аударады.

Өлеңді оқып болғаннан кейін міндетті түрде әңгіме өткізіледі:

- аударма жұмысын өткізу;
- мұғалімнің сұрақтары;
- суреттер қарау;
- қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтқызу, қайталату;  
- сызбалар арқылы жаттау;

Балаларға өлеңді есінде сақтау үшін, мұғалімге келесі әдістерді қолдануға болады:

- бірінші жолды топпен қайталау және 3-4 балаға бір-бірден қайталатқызу;
- фонетикалық жаттығу орындау; әсіресе мәнерлеп оқуға талап ететін сөзді, жолды балаларға қайталату.

Алгоритмикалық жаттығулар танымдық процестердің, есте сақтау, зейін, қозғалыс дағдылардың, дыбыстардың айтылуының, сөйлеу функционалды жүйесінің және барлық сөйлеу құрамының дамуына бағытталған. Ұсынған жаттығулар сипаттау сызбалар арқылы жатталады, содан кейін мұғаліммен бірге айтылады және әр түрлі қимылмен көрсетіледі. Логоритмикалық жаттығуларды орындағанда, балалар мұғаліммен бірге ортада тұрған жөн, сонда балаларға мұғалімді көруге, қозғалуға және сөйлеу материалын орындауға мүмкіндік бар.

Алгоритмикалық жаттығуларды өткізуде балалар спецификалық дыбыстардың дұрыс айтуын жаттығады, дауыстың ырғағы дамиды, сонымен қатар ымның, қозғалыстың дағдылары, жалпы және ұсақ моториканың нақтылығы мен үйлестіруі дамиды.

Мектепалды даярлық бағдарламаның базалық минимумда 6-7 жастағы балаларды оқытуда мынадай талаптар қойылған. Балабақша, балабақша қызметкерлер туралы әңгіме құрастыру білу. Сенің атың кім? Кім? Не істеді? сұрақтарына жауап беруді білу. Ойыншықтардың атауын, түсін, пішінін айта білу. Адамның дене мүшелерін атау және таныс сөздерді сөйлемде қолдану. Сонымен қатар отбасы мүшелерін, киім, аяқ-киім атауын айта білу. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін дамыту және мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Сөйлеу қатынасы баланың білімді меңгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Байланысты сөз ойға мағына беріп, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын және өзара түсінуін қамтамасыз етеді. Сөйлеу қызметі ойдың дамуымен қатар өрбиді. Дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу коммуникативтік біліктілікті, тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) және тілдік емес (ым, мимика, қалып, көзқарас, іс-қимыл) құралдардың көмегімен айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауды реттеу қабілетін дамытуға бағытталған. Тілді дамытуда өз қатарларымен сөйлесе білудің маңызы ерекше.

Жалпы міндет:

- тілді дамыту танымдық және ойын қызметінің негізі іспеттес;

Негізгі міндеттер:

Тілге деген тиянақты, мүдделі көзқарасты және құрмет сезімін қалыптастыру;

- қарапайым диалогтық және монологтық сөйлеуді қалыптастыру;

- қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу;

- сөздік қорды толықтыру және жандандыру.

Мнемотехника әдісін қолдану өз нәтижелерін де берді.

Балалармен бағдарламалық материалды меңгеру бойынша 1 және 2 жартыжылдыққа арналған педагогикалық диагностика материалы жасалынып шығарылды.

Деңгей бойынша меңгерудің бағасының жүйесі талданып шығарылды

1 деңгей—бала педагогтың үлгісі бойынша іс-әрекетті елестетеді

2 деңгей – не істегенін түсінеді; белгілі білім қоры бар

3 деңгей- білгенін және не істей білетінін өз бетімен қолданады, шығармашылық және дәстүрлі емес жағдайларда.

19.10.2021 ж. № D00013

## Музыка пәнін оқытудың заманауи аспектілері

**АРЫКБАЕВА МАРЖАН ЖАНАЕВНА**

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы №19 гимназия  
мектебінің музыка пәні мұғалімі*

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады.

Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Ал жаңа бағдарлама ұстаздарға қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақта тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, музыка түрлері дамыған елдерде, музыканың әр саласындағы белгілі композиторлар өмірімен,

Қазақстандағы, әлем елдеріндегі композиторлар мен музыка жұлдыздары, тағы да басқа музыка туралы толық мәліметтер беріп отыру – мақсат.

Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың, тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздері де сабақта әр тапсырманы белсенділікпен орындауға дағдыланады.

Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, сол себепті оқушы білімді өздігінен іздену арқылы білім алуына себептер мен жағдайлар жасап отырамын. Осы тұста мен К.Д.Ушинскийдің «Балаға күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат» - деген сөзіне сүйенемін. Ол үшін мұғалімнің сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін. Сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Курстан алған білімімді жүйелі түрде қолданып сабақтың қызықты, сапалы өтуіне аса мән беремін. Сабақтың әр кезеңдерінде түрлі әдістерді орнымен пайдалану арқылы, көп нәтижеге жетуге болатынына толық көзім жетті.

Жұптық жұмыстағы диалогтік сұрақтар мен тапсырмаларды сабақ барысында іске асыру үлкен шеберлік пен тапқырлықты талап етеді. Сол себепті мен сабақты түрлендіріп өткізуге мән беремін. Әр сабақ сайын оқушылардың асыға күтетін сәттері ол топқа бөліну. «Ырыс алды – ынтымақ» - деген мақсатты басшылыққа ала отырып сынып оқушыларын топтастырамын. Жұпқа бөлудің өзі оқушы назарын аудару, қызықтыру үшін тақырыпқа сай бөлуге тырысамын. Жұпқа бөлінгенде оқушылар арасында тепе-теңдік орнап, тапсырманы бірлесе отырып білімдерімен бөліседі. Мұның өзі үлгерімі төмен оқушы үшін де маңызы зор. Өйткені берілген тапсырманы орындау кезінде әрбір оқушы өз үлесін қосады.

Дамыту бойынша бірнеше сабақ үлгілерін жасадым, эксперимент ретінде ашық сабақтар өткіздім. Оқушылармен жұмыс жасауда тақырып туралы толғаныс, ой толғаныс, тақырыпты түсінуге қызығушылықты, белсенділікті арттырады. Осы сабақтарды өткізе отырып стратегиялардың бағыттарына сай әрбір оқушы өз пікірін айтады, салыстыра зерттеуге үйренеді, бірлесіп білім алуға жауапты іс-әрекет қалыптасады. Сын тұрғысынан шыңдалған ойлаудың арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақты ойлауға құлшыныс алады. Оқушылар өз ойларын ашық айтуға, басқалардың ойын тыңдауға үйренеді.

- Осы дағдыларды негізге ала отырып;
- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын ояту;
- Ойлау қабілеттерін арттыру барысында сөздік қорын дамыту;
- Өздігінен ойларын еркін жеткізе білуге үйрету;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бүгінгі күні Қазақстандағы білім беру жүйесінде оң өзгерістер байқалуда.

Жаңа оқыту бағдарына бет бұру күн тәртібіндегі басты мәселе. Жарық көріп жатқан әдістемелік құралдар мен инновациялық технологиялар қатары көбеюде. Жаңа технологиялардың артықшылығы-білім беруді ізгелендіру мен демократияландыру қағидаларынан көрінеді.

Оқушыға:

1.Өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру;

2.Ойын дамыта өзгертуіне мүмкіндік беру;

3.Шығармашылық жұмыстағы еркіндікке мүмкіндік беру;

4.Кез келген мәселені өзінше шешуге мүмкіндік беру;

5.Баға беруге, таңдау жасауға мүмкіндік беру;

Оқығанын өмірмен байланыстыруына, өмірде қолдана алуына мүмкіндік беру.

Сын тұрғысынан ойлаудың стратегияларын сабаққа қолдану барысында «Қызығушылығын ояту» кезеңі мұғалім үшін ең басты мәселе болу керек.

Сонымен қатар оқушы барлық жұмыстарды өзінің шығармашылық қайнауынан өткізу арқылы ғана сабақты бағалап, мәселені шешуге ұмтылады.

Ол сол арқылы ешкімге ұқсамайтын жол іздейді, өзінше болжайды және оқушылар үшін мұғалімнің оны мән беріп тыңдауы сонша маңызды екенін ұмытпағаны жөн.




19.10.2021 ж. № D00014


**Табиғаттың таңғажайып құбылыстары.  
Сөз таптары**

**ӘМІРЖАНОВА ӘЛИЯ ЕРЛАНҚЫЗЫ**

*Алматы облысы, Іле ауданы, КазЦИК ауылы  
"Ә.Молдабеков атындағы № 6 орта мектебі" КММ  
Бастауыш сынып мұғалімі*

Педагогтің аты-жөні	Әміржанова Ә.Е			
Сынып: 4 «Ж»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың өткізілу түрі	Ашық сабақ			
Сабақтың тақырыбы	<b>Табиғаттың таңғажайып құбылыстары. Сөз таптары 6-10 жаттығу</b>			
Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	4.4.2.6 – сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау; 4.2.5.1 – дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау.			
Сабақтың мақсаты	Сөз таптарын анықтайды. Олардың түрлерін ажырата алады; Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<b>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Жаңа топ құру</b> Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте.	Психологиялық ахуалға берілген жалаулар арқылы топқа бөлінеді. <b>Сөз таптары</b>	 ҚБ: От шашу арқылы бір-	Психологиялық ахуал. Жаңа топ құру №1 слайд

	<p>«Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушыларды қалаған жалауларын алып, 1,2,3 жұптарға бөлініп отырады.</p> <p><b>1-жүп «Бақыт жалаулары»</b>  <b>2-жүп «Арман жалаулары»</b>  <b>3-жүп «Қуаныш жалаулары»</b></p> <p><u>Оқушылар сабақ тақырыбын анықтаған соң,</u>  оқу мақсатымен таныстырады күтілетін нәтижені анықтау</p>	<p>сабақтың тақырыбын болжайды</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады</p>	<p>бірін бағалау</p> <p>.</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p><b>Ширату тапсырмасы. Интеллект карта» әдісі</b></p>        <p>(зат есім,сын есім,сан есім,одағай,есімдік,еліктеуі ш сөздер,шылау,үстеу,етістік)  Кестенің қорытындысынан,ереже</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.Яғни, сөз таптарын ажыратып жаза отырып ортақ байланысын анықтайды.</p> <p>Оқушылар жаңа ақпаратпен танысады.</p>	<p>Формат ив ті бағалау</p> <p>. ҚБ: Бас бармақ арқылы бағалау</p> <p>.</p>	<p>Оқылым , жазылым тапсырмалары. №2слайд</p>

	<p>кұрастырып жаңа ақпаратпен таныстырады.</p> <p><b>7 бет. 6 жаттығу ауызша орындалады</b></p>  <p><b>-Мәтінді оқып, түсініксіз сөздерді белгілейді.</b></p> <p><b>Жазылым тапсырмаларын орындау .Дәптермен жұмыс.</b></p> <p>Кестемен жұмыс 7 бет</p>	<p>Мәтінді оқып, әрі қарай не болатынын болжайды. Мәтіндегі етістіктердің түрін анықтап, ажыратады.</p> <p>Жазба жұмысын орындап, сөздерді сөз таптарына ажыратады.</p>	<p><b><u>ҚБ:</u></b> <b><u>Бас бармақ арқылы бағалау.</u></b></p>	<p>№3 слайд</p> <p>№4 слайд</p>																												
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="363 1137 475 1350">Сөздер</th> <th data-bbox="475 1137 611 1350">Менің білуімше</th> <th data-bbox="611 1137 762 1350">Сөздік тегі анықтамасы</th> <th data-bbox="762 1137 826 1350">Қай сөз табы?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="363 1350 475 1440">қапырық</td> <td data-bbox="475 1350 611 1440"></td> <td data-bbox="611 1350 762 1440"></td> <td data-bbox="762 1350 826 1440"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1440 475 1574">Нөсерлету</td> <td data-bbox="475 1440 611 1574"></td> <td data-bbox="611 1440 762 1574"></td> <td data-bbox="762 1440 826 1574"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1574 475 1664">сейілу</td> <td data-bbox="475 1574 611 1664"></td> <td data-bbox="611 1574 762 1664"></td> <td data-bbox="762 1574 826 1664"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1664 475 1753">көкжиек</td> <td data-bbox="475 1664 611 1753"></td> <td data-bbox="611 1664 762 1753"></td> <td data-bbox="762 1664 826 1753"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1753 475 1843">ғаламат</td> <td data-bbox="475 1753 611 1843"></td> <td data-bbox="611 1753 762 1843"></td> <td data-bbox="762 1753 826 1843"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="363 1843 475 1910">Жолақ</td> <td data-bbox="475 1843 611 1910"></td> <td data-bbox="611 1843 762 1910"></td> <td data-bbox="762 1843 826 1910"></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>8 бет 7 жаттығу</b></p>	Сөздер	Менің білуімше	Сөздік тегі анықтамасы	Қай сөз табы?	қапырық				Нөсерлету				сейілу				көкжиек				ғаламат				Жолақ						
Сөздер	Менің білуімше	Сөздік тегі анықтамасы	Қай сөз табы?																													
қапырық																																
Нөсерлету																																
сейілу																																
көкжиек																																
ғаламат																																
Жолақ																																

	<p><b>Жұмбақты жазып, шешуін тап.</b> Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты Өрнек тұрды ғаламат! <i>(Кемпірқосақ)</i> <i>Әли Ысқабаев</i></p>			
Соңы	<p><b>Талдау 8 бет 10 жаттығу</b> <b>Тірек сызба арқылы сөз таптарының ережесін шығару.</b> /Тірек сызба арқылы сөз таптарының қандай мағына білдіретінін айтады. /Әр сөз табының ережесін шығарады.</p>	<p><b>Тірек сызба арқылы сөз таптарының ережесін шығару.</b></p> <p><b>Тірек сызба арқылы сөз таптарының қандай мағына білдіретінін айтады.</b> <b>Әр сөз табының ережесін шығарады.</b></p>	<p><u>ҚБ:</u> <u>Бағдар шам көздері арқылы бір-бірін бағалау</u></p>	<p>Топтық тапсырмалар. №5 слайд</p>
	<p><b>Үй тапсырмасы 8 бет 9 жаттығу</b></p>	<p><b>Т әдісін пайдалана отырып орындайды</b></p>		<p>№6 слайд</p>
Кері байланыс	<p>«Рефлексия» кері байланыс.  Білім сандығы әдісі арқылы кері байланыс орнатылады</p>	<p>Сабактан алған әсерлерін стикерге жазып, тақтада тұрған сандықтардың біріне салады.</p>	<p>«Рефлексия»</p>	<p>Кері байланыс тақтайшысы.</p>

19.10.2021 ж. № D00015

**Лепті сөйлем**



**ҚҰЛМАН ГҮЛНАЗ НҰРМҰХАНБЕТҚЫЗЫ**




*Ақтөбе облысы Шалқар қаласы "№2 мектеп-гимназия" КММ.*





*Бастауыш сынып мұғалімі*

Сабақ: қазақ тілі	Мектеп:	
Бөлім:	«Менің туған өлкем» Жер бедері деген не?	
Сабақтың тақырыбы:	Лепті сөйлем	
Күні: 06.11.2020жыл	Педагогтың аты-жөні:	
Сынып: 2	Қатысқандар:	Қатыспағандар:

Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.7.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) 2.1.4.1 Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.3.6.1 Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу ;			
Сабақтың мақсаттары	Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді;			
	Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай салыстырып, ажыратады;			
	Берілген тақырып бойынша тұжырым жасап, талдайды;			
Бағалау критерийлері	1. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады және сәйкес тыныс белгілерін қолданады; 2. Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрауды біледі; 3. Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазады;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар

<p>Басы</p> 	<p><b>Психологиялық ахуал туғызу»</b>                  «1 минуттық сұқбат» коммуникативті дағдынын қалыптастыру мақсатында 1 минуттық еркін әңгіме айдарын ұсынамын. Алдыңғы білімдерін бекіту мақсатында «Сұрақты қағып ал!» әдісін қолданамын. Балаларды жыл мезгілдері арқылы 4 топқа бөлемін. Топтарға ат қою:  <b>I топ : Жаз</b>  <b>II топ: Күз</b>  <b>III топ: Қыс</b>  <b>IV топ: Көктем</b></p> <p>Жаңа тақырыпқа байланысты видеоматериал ұсына отырып, сабақтың мақсатын</p>	<p>1 минуттық еркін әңгіме айдарына қатысады. Өткен тақырыптарды жақсы меңгергендігін дәлелдейді;</p> <p>Карточкалармен топтарға бөлінеді. Топ атауларына қысқаша мәлімет береді.</p> <p>Балалар көріп , естігендерінен тұжырым жасайды. Өз пікірлерін ортаға салады.</p> <p>Бағалау критерийін құрастырады.</p>	<p><b>Мадақтау Жарайсыздар!</b></p> <p><b>Мадақтау Жарайсыздар!</b></p>	<p><b>Презентация 1-бет</b></p>  <p><b>Презентация 2-бет</b></p> <p><b>Тыңдалым</b></p>
---	---	--	---	--

	<p>ашуға мүмкіндік беремін.  <a href="https://youtu.be/3VhwKCCmIW0">https://youtu.be/3VhwKCCmIW0</a></p>			
Ортасы	<p>11 - жаттығу:  <b>«Түсініп оқы»</b>  <b>ҰЖ</b>  <b>Оқулықтағы мәтінді түсініп оқып шығуды ұсынамын.</b></p>  <p>12-жаттығу  <b>«Жұптас, ойлан, бөліс!»</b>  <b>ЖЖ</b></p>   <p>Сергіту сәті</p> <p>13-жаттығу</p>	<p>Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды;          Мәтінге ат қояды;          Мәтіндегі кейіпкерлердің тіршілік ортасын анықтайды;          Сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазады;</p> <p>Суретке қарап сөйлемдерді жұптасып оқиды;          Суретке қарап лепті сөйлем құрап айтады;          Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады ;          Бір-бірін тыңдап бағалайды;  <b>Музыкалық жаттығу</b></p> <p>Мақалды дауыстап оқиды, мазмұнын түсінеді, түсіндіреді;          Берілген</p>	<p><b>Мадақтау</b>  <b>Жарайсыздар!</b></p> <p><b>Мадақтау</b>  <b>Жарайсыздар!</b></p>	<p><b>Оқыл ым</b>  <b>Презе нтаци я</b>  <b>3-бет</b></p> <p><b>Айты лым</b></p> <p><b>Презе нтаци я</b>  <b>4-бет</b></p>

	<p><b>«Мазмұнын түсіндір» ӨЖ</b></p>  <p>14-жаттығу <b>«Галерея стратегиясы» ТЖ</b> Әр топтың жыл мезгіліне байланысты суреті салынған плакаттары қабырғаға ілінеді.</p> 	<p>сұрақтарға жауап береді; Жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелейді; Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазады;</p> <p>Әр топ постерлерін қорғайды, өз ойларын дәлелдейді; Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін салыстырады, тұжырым жасайды; Әр топ өз жыл мезгіліне байланысты лепті сөйлем құрайды, тыныс белгісін қояды;</p>	<p><b>Керемет жауап! Жарайсыңдар! Өте жақсы!</b></p>	<p><b>Жазылым</b></p> <p><b>Презентация 5-бет</b></p> <p><b>Презентация 6-бет</b></p>
<p>Соңы</p>	<p>Кері байланыс: <b>«Алма ағашы»</b></p>  <p>Оқу тапсырмасы: 106 -бет 15-жаттығу</p>	<p>Жаңа тақырыпқа кері байланыс жасайды.</p>	<p>Жарайсыңдар! Бүгінгі сабаққа өте жоғары деңгейде қатыстыңыздар</p>	<p><b>Презентация 7-бет</b></p>



<b>Қосымша мәліметтер</b>		
<p>Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?                      Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?                      Қабілетті оқушыға қосымша карточкалар беремін.  <b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді;  <b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Сөйлем түрлерін айтылыу мақсатына қарай салыстырып, ажыратады;  <b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Берілген тақырып бойынша тұжырым жасап, талдайды;</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?                      Жұптық, топтық, өздік жұмыста жұлдызша,житонда р арқылы бағалаймын.                      Мадақтау, марапаттау арқылы бағалауды жүзеге асырамын.</p>	<p>Пәнаралық байланыс-өмір қауіпсіздік негізі. Музыка. АКТ мен байланыс Құндылықтармен байланыс: Рухани-жаңғыру бағдарламасы: «Бәсекеге қабілеттілік» , «Сананың ашықтығы » (тәрбие элементі)</p>

C00066 18.10.2021 ж.

## Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңа технологиясын сабақта тиімді қолдану

**САҒЫНАЕВА АЙТОЛҚЫН АМАНГЕЛДЫҚЫЗЫ**

*Ақмола облысы, Целиноград ауданы, «Қызылжар ЖОББМ» КММ  
Бастауыш сынып мұғалімі*

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту.

Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде.

Бастауыш мектеп- оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы, қиын да жауапты іс.

Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс- тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Қазіргі заманның талабына сай болу және жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған проблемаларды шешу негізгі мақсат болып табылады, олар:

- баланы оқи білуге үйрету
- баланы ойлауға үйрету

баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. *Әр педагогтың міндеті-* оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру.

Бұл технология несімен өзіне баурап алғандығын бірнеше сұрақ- жауап ретінде бергім келіп отыр.

**«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?**

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

**«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?**

- Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы /қызығышылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс/ .
- Негізгі үш кезенінің маңыздылығы.
- Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

Осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс- әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

**Шығармашылық дегеніміз** – адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға , жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылуы,ізденуі. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. **Біздің міндетіміз** – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда **Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін қолданамын:**

- Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/
- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Вендиagramмасы, аялдамамен оқу стратегиясы/
- Қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/
- Кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу /авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы
- Шығармада екі кейіпкердің қарама – қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/
- Өлең шұмақтарын құрастыру / 5 жолды өлең/

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының модулдерін ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды.

**Бұл бағдарламаның мақсаты** – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу.

Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор.

Жаңа білімді қабылдау, бекіту, іскерлік пен дағдыны тәрбиелеу барысында жұмыс жүйесін, оқушылардың дербес белсенді әрекетін дамытуда, өздік жұмысының тиімділігін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлау» барысындағы әдіс-тәсілдер білімді меңгерудің әр түрлі кезеңінде қолдануға болатынын тәжірибе көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын бағыт.

Әр оқушыда өзін – өзі дамыта, жетілдіре бақылай алатын дағды қалыптастыру, соған сәйкес өз бетінше білім алуға үйрету, дамудың ең биік шыңына жету болып табылады. Яғни, ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады.

### ***Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды білу қажет:***

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып, толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану.
5. Кейбір оқушылардан жауабының, сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

### ***Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының:***

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

***Өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар:***

- Мен осы мәселе туралы не ойлаймын?

- Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетініме сәйкес пе?
- Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті, -деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді.

### **Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғы шарттары:**

- Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау;
- Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау;
- Қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау;
- Тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау;
- Жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау;
- Жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Өз іс-тәжірибемде сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп көңіл бөлемін.

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының басты ерекшеліктерін сабақтарымда қолданылу жолдарына тоқталмақмын.

Балалардың қызығушылықтарын ояту мақсатында сөзжұмбақ шешіліп, бүгінгі күннің тақырыбын оқушылар өздері анықтады.

1. «Болжау» стратегиясы
2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы
3. «Топтастыру» стратегиясы
4. «Әдебиет үйірмесі»
5. «Бес жолды өлең» стратегиясы

### **1-ші «Болжау» стратегиясы.**

Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни, оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиғаны немен аяқталғанын өз ойларымен жеткізеді.

### **2-ші «Екі жақты күнделік» стратегиясы.**

1. Мәтіннен өздеріне әсер етіп ойында қалған үзіндіні жаз.
2. Қысқы мезгілдегі табиғаттағы тіршілік
3. Жылқышының еңбегі

### **3-ші «Топтастыру» стратегиясы.**

«Қыс мезгілі» сөзін оқушылар қағаз бетіне түсіреді.

### **4-ші «Әдебиет үйірмесі»**

- Шағын әңгіме «Қыс мезгіліндегі тіршілік»
- «Қызықты қыс еліне» суретті аяқта

### **5-ші «Бес жолды өлең» стратегиясы**

1. Зат есім (1 сөз)
2. Сын есім (2 сөз)
3. Етістік ( 3 сөз )
4. Қорытынды ой (4 сөз )
5. Зат есімге жуық мәндес сөз (1 сөз)

Ал сабақтың нәтижелігін көрсететін кезеңнің бірі -бағалау. Балаларды ынталандыру мақсатында формативті бағалаудың орны ерекше .Өйткені, әр топ қорғаған сәтте оқушылардың бір- бірін қошеметтеп, күш жігер беріп отыратындарын көргенде көз қуантты. Топ басшылары өз топтарындағы балаларды бағалайды.

**Қорыта келгенде.** Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденісі.

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық ,нақты және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді.Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

## МАЗМҰНЫ

- *АБИШЕВА ҚҰРАЛАЙ ЖАКИНА*
- *КОЙЧИБАЕВА ЗЕРХАН*
- *МУРЗАГАЛИЕВА МАДИНА АЛИБЕКОВНА*
- *ҚОЗАЙДАРОВА МӨЛДІР МАЛХАРБЕКОВНА*
- *САТАЕВА ДАМЕЛИ ТАТИБАЙҚЫЗЫ*
- *ДЖАЙМАНОВА СВЕТЛАНА САБЫРБАЕВНА*
- *БАЛАЖАНОВА ГАЛИЯ ЖАКАНОВНА*
- *АРЫКБАЕВА МАРЖАН ЖАНАЕВНА*
- *ӘМІРЖАНОВА ӘЛИЯ ЕРЛАНҚЫЗЫ*
- *ҚҰЛМАН ГҮЛНАЗ НҰРМҰХАНБЕТҚЫЗЫ*
- *САҒЫНАЕВА АЙТОЛҚЫН АМАНГЕЛДЫҚЫЗЫ*